

III шақырылған Қарағанды қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 1 қарашадағы XI сессияның "Қарағанды қаласында ойын бизнесі объектілеріне акциз ставкаларын белгілеу туралы" N 6 шешіміне өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының III шақырылған LII сессиясының 2007 жылғы 18 шілдедегі N 14 шешімі. Қарағанды облысы Қарағанды қаласы әділет басқармасында 2007 жылғы 10 тамызда N 8-1-58 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының IV шақырылған VII сессиясының 2008 жылғы 31 наурыздағы N 76 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2008.03.31 N 76 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Ойын бизнесі туралы" Заңының 11 бабына сәйкес Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. III шақырылған Қарағанды қалалық мәслихаттың 2006 жылғы 1 қарашадағы XI сессияның "Қарағанды қаласында ойын бизнесі объектілеріне акциз ставкаларын белгілеу туралы" N 6 шешіміне(нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі тіркелген нөмірі - 8-1-43, "Взгляд на события" газетінде 2006 жылдың 29 қарашасында N 60 (176) жарияланған) келесі өзгертулер енгізілсін:

1) 2006 жылғы 1 қарашадағы N 6 шешімге қосымшасындағы 1), 2) тармақтарының күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың өзін-өзі басқару, экономика, жоспар, бюджет, шағын және орта бизнесті дамыту мәселелері бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрайымы Оспанова Қ а д и ш а Б а з а р б а й қ ы з ы).

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*III шақырылған қалалық мәслихаттың
к езекті LII сессиясының
төрайымы Е. Сарсембаева
Қалалық мәслихат хатшысы Қ. Бексұлтанов*